

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 1145 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қауіпсіздігінің міндеттерін шешуде ғарыш технологиялары мен техникасының үлесін күшейту мақсатында **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. "2005 - 2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 1, 1-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген "2005 - 2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасында:

"Бағдарламаның паспорты" деген 1-бөлімде:

"Міндеттері" деген кіші бөлімнің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықаралық ғарыш станциясының бортында оларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының ғылыми зерттеулері мен эксперименттерінің бағдарламасы бойынша ж ұ м ы с т а р жү р г і з у " ;

"Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген кіші бөлімде:

бірінші абзацтағы "62768,72" деген сандар "44364,75" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші абзацтағы "62468,72" деген сандар "44064,75" деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

бесінші абзац алып тасталсын;

"Күтілетін нәтижелер" деген кіші бөлімде:

2) тармақшаның бесінші абзацы алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Халықаралық ғарыш станциясының бортында оларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының ғылыми зерттеулері мен эксперименттерінің бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілетін болады";

"Кіріспе" деген 2-бөлімнің жиырма үшінші абзацы алып тасталсын;

"Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері" деген 4-бөлімнің бесінші абзацы алып т а с т а л с ы н ;

"Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі" деген 5-бөлімнің "Бағдарламаның негізгі бағыттары" деген 5.1-кіші бөлімде:

5.1.2 - тармақтың бесінші абзацы алып тасталсын;

5.1.3 - тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"5.1.3. Халықаралық ғарыш станциясының бортында оларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының ғылыми зерттеулері мен эксперименттерінің бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізу:";

екінші, төртінші, бесінші, алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"қатты және сұйық күйіндегі металл қорытпаларында термодиффузияны зерделеуді;

жоғары организмдер геніне ғарыштық ұшыру жағдайына ұқсас факторлар әсерінің молекулярлық-биологиялық тетіктерін зерттеуді және ауыл шаруашылығы дақылдарының бастапқы төзімді желілерін құруды;

жоғары күш түсуі жағдайында адамды қорғаудың химиялық, биохимиялық және психофизиологиялық әдістерін әзірлеуді;

адам организмнің бейімделу мүмкіндіктерін арттыратын, бағытталған медициналық-биологиялық қасиеттері бар биологиялық белсенді қоспалар мен мамандандырылған өнімдер әзірлеуді;"

"Бағдарламаны іске асыру тетіктері" деген 5.2-кіші бөлімнің оныншы абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Халықаралық ғарыш станциясының бортында оларды іске асыру үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен эксперименттер жүргізуді ұйымдастыру";

"Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген 6-бөлімде:

к е с т е д е :

реттік нөмірі 2-жолдағы "49075,02" деген сандар "30670,598" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 3-жолдағы "600,00" деген сандар "600,452" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Барлығы" деген жолдағы "62468,72" деген сандар "44064,75" деген сандармен ауыстырылсын ;

бірінші абзацтағы "62768,72" деген сандар "44364,75" деген сандармен ауыстырылсын ;

екінші абзацтағы "62468,72" деген сандар "14861,2" деген сандармен ауыстырылсын ;

алтыншы абзац алып тасталсын ;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" деген 7-бөлімдегі жиырма алтыншы абзац алып тасталсын .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті